

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің аумақтық департаменттері туралы ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 155 бұйрығы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің аумақтық департаменттері туралы ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы № 2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12862 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2-қосымшаның «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті туралы ереже»:

8 - тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Департаменттің заңды мекенжайы: 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40.».

жоғарыда көрсетілген бұйрықпен бекітілген 7-қосымшаның «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже»:

8 - тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Департаменттің заңды мекенжайы: 090000, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 201.».

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Заң департаменті:

1) осы бұйрықтың көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдануын;

2) осы бұйрықтың көшірмелерін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер Эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жолдануын;

3) Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің департамент

басшылары осы бұйрықтан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің
Ж а у а п т ы х а т ш ы с ы н а жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Мемлекеттік қызмет істері министрі Т. Донақов